

Медициналық және фармацевтік кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудың үлгілік бағдарламаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 165 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15167 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 16 ақпандағы № 24 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 16.02.2023 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Медициналық және фармацевтік кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудың үлгілік бағдарламалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар мен білім беру ұйымдарына жеткізуді;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев

2017 жылғы 27 сәуір

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2017 жылғы 14 сәуірдегі
№ 165 бұйрығымен бекітілген

Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламалары (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мамандықтар бойынша міндетті компонентіндегі пәннің мазмұнын, көлемін және кадрларды даярлаудың қорытынды деңгейін анықтайды.

2. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау циклдерінде оқу үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды реттеу және біріздендіру есебінен қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру сапасына қол жеткізуге ықпал ету Үлгілік бағдарламаның мақсаты болып табылады.

3. Осы Үлгілік бағдарламаларда мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

2) кадрларды қайта даярлау – тиісінше басқа медицина немесе фармацевтика мамандығын меңгеруге мүмкіндік беретін қосымша білім беру нысаны;

3) кадрлардың біліктілігін арттыру – бұрын алынған кәсіби білімін, іскерлігін және дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша қосымша білім беру нысаны;

4) мамандық - білім туралы тиісті құжатпен расталған белгілі бір қызмет түрін анықтау үшін қажетті мақсатты бағытталған даярлығы және жұмыс тәжірибесі, білімі, іскерлігі мен дағды жолымен алынған кешен;

5) медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша қосымша білім беру (бұдан әрі – қосымша білім беру) – біліктілікті арттыру және қайта даярлау нысанында іске асырылатын, кадрлардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылатын оқыту процесі;

6) пәннің бағдарламасы (силлабус) – қосымша білім беруді іске асыратын ұйым бекіткен оқытылатын пәннің сипаттамасы, мақсаты, міндеттері, қысқаша мазмұны, әрбір сабақтың (аудиториялық және аудиториядан тыс) тақырыбы мен ұзақтығы, оқытушының талаптары, бағалау өлшемдері мен қағидалары және әдебиеттер тізімі қамтылған тыңдаушыларға арналған оқу бағдарламасы;

7) тыңдаушы – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымда оқуға тіркелген маман;

8) сертификатты цикл – біліктілік санатын алуға үміттенген жоғары және орта (техникалық және кәсіптік) медициналық білімі бар тыңдаушыларға арналған біліктілікті арттыру циклі;

9) симуляциялық технологиялар – нақты, соның ішінде шұғыл жағдайларға барынша жақындатылған, клиникалық және басқа жағдайларды модельдеуге негізделген, нақты шешімдерді жедел түрде қабылдауды, қайталанатын жағдайларды өңдеуді қамтитын кадрлардың дағдысын бағалау және оқытудың заманауи технологиялары.

4. Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5885 тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 774 бұйрығымен бекітілген Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасына сәйкес мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

5. Негізгі пәндердің міндетті компоненттерінің тізбесі мен мазмұны осы Үлгілік бағдарламаларға 1-қосымшаға сәйкес анықталған.

2-тарау. "Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттырудың және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "

Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

7. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес "Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Ішкі аурулар терапиясындағы инновациялық технологиялар";

"Салауатты өмір салтын ұстану мен аурулардың алдын алу";

"Ауруханаға дейінгі және ауруханалық кезеңде ішкі аурулардың шұғыл терапиясы";

"Жасөспірім ауруларының диагностикасы, ағымы мен емдеу ерекшеліктері";

"Амбулаториялық-емханалық терапия";

"Терапиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Ішкі ағзалар ауруларын емдік тамақтану арқылы емдеу мәселелері";

"Ауруханаға дейінгі және ауруханалық кезеңдегі терапиядағы диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістері";

"Терапиялық соматикалық және хирургиялық аурулардың шекаралық жағдайлары";

"Терапиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Шекаралық психикалық ауруларды диагностикалау, емдеу және жүргізу тактикасы, сонымен қатар самотоформдық бұзылулар кезінде".

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. "Жалпы дәрігерлік практика (отбасы медицинасы)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

9. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта

даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), бұдан бұрын интернатура және резидентураны (клиникалық ординатура) оқыған, "Терапия (жасөспірімдер терапиясы, диетология)" және "Педиатрия" мамандықтары бойынша қайта даярлау курстарынан өткен "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі бар мамандарға арналған қайта даярлау циклдерінде - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 3-қосымшаға сәйкес "Жалпы дәрігерлік практика (отбасы медицинасы)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

11. "Жалпы дәрігерлік практика (отбасы медицинасы)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

- "Жалпы дәрігерлік практикадағы инновациялық технологиялар";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы дәлелді медицина мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы педиатрияның өзекті мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы терапияның өзекті мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы хирургиялық аурулар";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы фтизиатрияның өзекті мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы салауатты өмір салтын ұстану мен аурулардың алдын алу";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы акушерия мен гинекологияның өзекті мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикадағы неврология, психиатрия және наркология мәселелері";
- "Жалпы дәрігерлік практикада оториноларингологиялық, офтальмологиялық науқастарға диагностика жасау және шұғыл көмек көрсету";
- "Дәрігерлік амбулатория жағдайында науқастарға динамикалық бақылау жасау";
- "Зерттеудің зертханалық әдістерін түсіндіру";
- "Жалпы дәрігерлік практикада диагностика жасаудың аспаптық әдістері";
- "Жүктілік кезіндегі экстрагенитальді патология";
- "Дәрігерлік манипуляцияларды орындау техникасы бойынша практикалық курс";
- "Халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсетудің өзекті мәселелері";

"Жеңіл және орташа ауыртпалық деңгейіндегі шекаралық психикалық бұзылулары бар пациенттердің диагностикасы, профилактикасы және емі".

4-тарау. "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар кардиологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

13. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 4-қосымшаға сәйкес "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

14. "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

- "Кардиологиядағы инновациялық технологиялар";
- "Ауруханаға дейінгі және ауруханалық кезеңде шұғыл кардиология";
- "Интервенциялық кардиологияның өзекті мәселелері";
- "Амбулаториялық және стационарлық кезеңдегі балалар кардиологиясының өзекті мәселелері";
- "Превентивті кардиология";
- "Жүрек- қан тамыр патологиясы бар науқастарды амбулаторлық қарау";
- "Жүрекшілік электрофизиологиялық зерттеу және тахикардияның радиожилікті абляциясы";
- "Кардиологиядағы (ересектер) диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Клиникалық аритмология";

"Балалар жасындағы аритмология";

"Жүрек қантамырлар аурулары бар науқастарды жүргізу тәсілі мен диагностикасы";

"Кардиологиядағы реанимация және қарқынды терапия (симуляциялық платформаларды пайдаланумен болатын практикалық курс)";

"Кардиология практикасындағы шекаралық психикалық бұзылулар".

4-1-тарау. "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы"

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 4-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер кардиологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

14-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 4-1-қосымшаға сәйкес "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

14-3. "Кардиология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика, интервенциялық аритмология, интервенциялық кардиология) (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Кардиологиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханаға дейінгі және ауруханалық кезеңде шұғыл кардиология";

"Интервенциялық кардиологияның өзекті мәселелері";

"Амбулаториялық және стационарлық кезеңдегі балалар кардиологиясының өзекті мәселелері";

"Превентивті кардиология";

"Жүрек- қан тамыр патологиясы бар науқастарды амбулаторлық қарау";

"Жүрекішілік электрофизиологиялық зерттеу және тахикардияның радиожиилікті абляциясы";

"Кардиологиядағы (балалар) диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Клиникалық аритмология";

"Балалар жасындағы аритмология";

"Жүрек қантамырлар аурулары бар науқастарды жүргізу тәсілі мен диагностикасы";

"Кардиологиядағы реанимация және қарқынды терапия (симуляциялық платформаларды пайдаланумен болатын практикалық курс)";

"Кардиология практикасындағы шекаралық психикалық бұзылулар".

5-тарау. "Ревматология (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 5-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар ревматологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

16. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 5-қосымшаға сәйкес "Ревматология (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

17. "Ревматология (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Ревматологиядағы, соның ішінде балалар жасындағы ревматологиядағы инновациялық технологиялар";

"Тірек-қимыл аппаратының дегенеративтік және метаболикалық аурулары";

"Серонегативті спондилоартропатиялармен, спондилиттермен науқастарды емдеудің қазіргі заманғы алгоритмі";

"Дәнекер тіннің жүйелі ауруларымен және жүйелі васкулиттермен науқастарды диагностикалау мен емдеудің өзекті мәселелері";

"Остеоартроз. Остеоартроз терапиясының кешенді тәсілі";

"Буын маңының жұмсақ тіндерінің аурулары. Диагностикалық және емдік буыншілік және буын маңы манипуляциялары";

"Жіті ревматизмдік безгек. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы, жүре пайда болған жүрек ақаулары (консервативтік және хирургиялық емдеу)";

"Жүкті әйелдердің экстрагенитальді патологиясы (аутоиммунды аурулар)".

5-1-тарау. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы"

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 5-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер ревматологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

17-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 5-1-қосымшаға сәйкес "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

17-3. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Ревматологиядағы, соның ішінде балалар жасындағы ревматологиядағы инновациялық технологиялар";

"Тірек-қимыл аппаратының дегенеративтік және метаболикалық аурулары";

"Серонегативті спондилоартропатиялармен, спондилиттермен науқастарды емдеудің қазіргі заманғы алгоритмі";

"Дәнекер тіннің жүйелі ауруларымен және жүйелі васкулиттермен науқастарды диагностикалау мен емдеудің өзекті мәселелері";

"Остеоартроз. Остеоартроз терапиясының кешенді тәсілі";

"Буын маңының жұмсақ тіндерінің аурулары. Диагностикалық және емдік буыншілік және буын маңы манипуляциялары";

"Жіті ревматизмдік безгек. Жүректің созылмалы ревматизмдік ауруы, жүре пайда болған жүрек ақаулары (консервативтік және хирургиялық емдеу)";

"Жүкті әйелдердің экстрагенитальді патологиясы (аутоиммунды аурулар)".

6-тарау. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

18. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), ересектер аллергологиясы және иммунологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар аллергологиясы және иммунологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

19. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 6-қосымшаға сәйкес "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

20. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінің таңдау компонентінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Аллергология мен иммунология терапиясының заманауи әдістері";

"Кәсіптік пайда болған аллергиялық аурулар";

"Аллергология және иммунологияда, соның ішінде балалық шақтағы, ауруханалық және ауруханадан кейінгі кезеңдегі жедел жәрдем";

"Аллергология және иммунологиядағы нутрициология, оның ішінде балалардағы нутрицитология";

"Аллергология және иммунология диагностикасының және терапиясының инновациялық технологиялары";

"Аллергология және иммунологиядағы аспаптық зерттеу әдістері";

"Аллергология және иммунологиядағы зертханалық зерттеу әдістері".

7-тарау. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы"

Ескерту. 7-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "

Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар гастроэнтерологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

22. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 7-қосымшаға сәйкес "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

23. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компонентінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Гастроэнтерологияда оның ішінде балалар гастрэнтерологиясындағы инновациялық технологиялар";

"Гастроэнтерологиялық ауруларда ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдеріндегі шұғыл көмек";

"Гепатобилиард жүйесі мен ұйқыбезі ауруларының эндоскопиялық диагностикасы және емдеуі";

"Гастроэнтерологияның өзекті мәселелері";

"Гепатологияның өзекті мәселелері";

"Гастроэнтерологиядағы және гепатологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Дәлелді медицина тұрғысынан вирусқа қарсы терапияның заманауи мәселелері";

"Ішектің қабыну аурулары бар науқастарды емдеудің кешенді тәсілі".

7-1-тарау. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы";

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 7-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық

білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер гастроэнтерологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

23-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 7-1-қосымшаға сәйкес "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

23-3. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компонентінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Гастроэнтерологияда оның ішінде балалар гастрэнтерологиясындағы инновациялық технологиялар";

"Гастроэнтерологиялық ауруларда ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдеріндегі шұғыл көмек";

"Гепатобилиард жүйесі мен ұйқыбезі ауруларының эндоскопиялық диагностикасы және емдеуі";

"Гастроэнтерологияның өзекті мәселелері";

"Гепатологияның өзекті мәселелері";

"Гастроэнтерологиядағы және гепатологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Дәлелді медицина тұрғысынан вирусқа қарсы терапияның заманауи мәселелері";

"Ішектің қабыну аурулары бар науқастарды емдеудің кешенді тәсілі".

8-тарау. "Гематология (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

24. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), балалар гематологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

25. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 8-қосымшаға сәйкес "Гематология (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

26. "Гематология (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Гематологиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі шұғыл гематология";

"Гематологияның өзекті мәселелері";

"Гематологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Гемобластоздар диагностикасы және емі";

"Гемостаз бұзылуынан болған қан ауруларының диагностикасы және емі";

"Анемия диагностикасы және емі";

"Лимфопролиферативтік аурулар диагностикасы және емі";

"Миелолиферативтік аурулар диагностикасы және емі";

"Гематологиядағы инфекциялық асқынулар";

"Гемобластоздарда гемопоэздік дің жасушаларын трансплантациялау";

"Гемопоэздік дің жасушаларын және сүйек кемігін алмастырумен жүретін жоғары дозалық полихимиотерапия жүргізу кезіндегі ілеспелі терапия".

9-тарау. "Онкология және гематология (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

27. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), "Онкология (ересектер, балалар)" немесе "Гематология (ересектер, балалар)" мамандықтары бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

28. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 9-қосымшаға сәйкес "Онкология және гематология (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

29. "Онкология және гематология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Балалардың онкогематологиялық ауруларын емдеудегі жоғары мөлшердегі химиялық терапия қағидаттары";

"Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы гемотрансфузиялық терапия қағидаттары";

"Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы шұғыл жағдайлар";

"Балалардың онкогематологиялық ауруларын емдеу мен диагностикалаудағы заманауи бағдарламалар";

"Педиатриядағы геморрагиялық диатезтерге сараланған диагностика";

"Емхана жағдайындағы балалар онкологиясы мен гематологиясының негіздері";

"Педиатриялық практикадағы анемияның сараланған диагностикасы";

"Онкология және гематологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Бастапқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде балалардағы онкологиялық және гематологиялық ауруларды ерте диагностикалау";

"Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы өзекті мәселелер";

"Балалардағы қатерлі лимфомалар";

"Балалар онкологиясы мен гематологиясындағы инновациялық технологиялар".

10-тарау. "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 10-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар пульмонологиясынан қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

31. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 10-қосымшаға сәйкес "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

32. "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Пульмонологиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі шұғыл пульмонология";

"Өкпенің, бронхтың обструкциялық аурулары";
"Пульмонологиядағы дәлелді медицина мәселелері";
"Өкпенің интерстициальды ауруы";
"Пульмонологиядағы антибактериалды терапия";
"Пульмонолог дәрігер тәжірибесіндегі спирография";
"Тыныс алу функциясы жеткіліксіздігінің диагностикасы және түзету (инвазивті емес өкпе вентиляциясы, оттегі терапиясы)";
"Пульмонология мен фтизиатриядағы дифференциалды диагностика";
"Алғашқы көмек дәрігерінің тәжірибесіндегі пульмонологияның өзекті мәселелері";
"Ұйқы кезінде тыныс алудың бұзылуы";
"Туберкулез";
"Өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы".

10-1-тарау. "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы";

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 10-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер пульмонологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

32-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 10-1-қосымшаға сәйкес "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

32-3. "Пульмонология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Пульмонологиядағы инновациялық технологиялар";
"Балалардың ауруханалық және ауруханаға дейінгі шұғыл пульмонологиясы";
;

"Өкпенің, балаларда кездесетін бронхтың обструкциялық аурулары";
"Балалар өкпесінің интерстициальды ауруы";
"Балалар пульмонологиясындағы антибактериалды терапия";
"Пульмонолог дәрігер тәжірибесіндегі спирография";
"Тыныс алу функциясы жеткіліксіздігінің диагностикасы және түзету (инвазивті емес өкпе вентиляциясы, оттегі терапиясы)";
"Пульмонология мен фтизиатриядағы дифференциалды диагностика";
"Алғашқы көмек дәрігерінің тәжірибесіндегі пульмонологияның өзекті мәселелері";
"Ұйқы кезінде тыныс алудың бұзылуы";
"Туберкулез";
"Өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы".

11-тарау. "Эндокринология (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 11-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар эндокринологиясы қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

34. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 11-қосымшаға сәйкес "Эндокринология (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

35. "Эндокринология (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Эндокринологиядағы инновациялық технологиялар";
"Шұғыл эндокринология";
"Қалқанша безі, қалқаншаманы бездері, қант диабеті, гипоталамус-гипофизарлы жүйе аурулары бойынша эндокринологиядағы өзекті мәселелер";
"Жүкті әйелдердің эндокриндік аурулары ағымының ерекшелектері";
"Репродуктивті эндокринология";
"Эндокринологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Эндокринологиядағы аспаптық және зертханалық диагностикалау әдістері".

11-1-тарау. "Эндокринология (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы";

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 11-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер эндокринологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

35-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 11-1-қосымшаға сәйкес "Эндокринология (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

35-3. "Эндокринология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Эндокринологиядағы инновациялық технологиялар";

"Шұғыл эндокринология";

"Ерте жастағы балалардың эндокринологиясы";

"Қалқанша безі, қалқаншаманы бездері, қант диабеті, гипоталамус-гипофизарлы жүйе аурулары бойынша эндокринологиядағы өзекті мәселелер, оның ішінде балалар эндокринологиясында";

"Эндокринологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Эндокринологиядағы аспаптық және зертханалық диагностикалау әдістері".

12-тарау. "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 12-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/

16 сағатты (апта), балалар нефрологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

37. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 12-қосымшаға сәйкес "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

38. "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Нефрологиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл нефрология";

"Амбулаториялық-емханалық нефрология";

"Нефрологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Нефрологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Нефрологиядағы қарқынды терапия (симуляциялық платформаларды пайдаланатын практикалық курс)".

12-1-тарау. "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 12-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер нефрологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

38-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 12-1-қосымшаға сәйкес "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

38-3. "Нефрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта

даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Нефрологиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл нефрология";

"Амбулаториялық және стационарлық кезеңдегі балалар нефрологиясының өзекті мәселелері";

"Амбулаториялық-емханалық нефрология";

"Нефрологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Превентивті нефрология, сонымен бірге дені сау және науқас балаларды динамикалық бақылау (диспансерлеу) мәселелері, дені сау және науқас балаларды оңалту кезеңдері";

"Нефрологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Жасөспірімдердің физиологиясы мен патологиясы";

"Нефрологиядағы қарқынды терапия (симуляциялық платформаларды пайдаланатын практикалық курс)";

"Балаларға алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің өзекті мәселелері".

13-тарау. "Фтизиатрия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

39. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), ересектер фтизиатриясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар фтизиатриясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

40. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 13-қосымшаға сәйкес "Фтизиатрия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

41. "Фтизиатрия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Фтизиатриядағы инновациялық технологиялар";

"Амбулаториялық және стационарлық сатыдағы шұғыл фтизиатрия";

"Қазақстан Республикасындағы фтизиатриялық қызмет жұмысының ұйымдастырылуы";

"Фтизиатриядағы дәлелді медицина мәселелері";
"Балалар мен жасөспірімдердің фтизиатриясы, оның ішінде оңалту мен алдын алу мәселелері";
"Тыныс жолдарының туберкулезін сараланған жолмен анықтау";
"Фтизиатриядағы клиникалық және зертханалық анықтау әдістері";
"Фтизиатриядағы диагностика және терапия (стимуляциялық бағыттарды қолдану арқылы практикалық курстар)";
"Балаларға көрсетілетін фтизиатриялық көмектің өзекті мәселелері";
"Ересек тұрғындарға көрсетілетін фтизиатриялық көмектің өзекті мәселелері";
;
"Туберкулездің төзімді түрін анықтауда, тексеруде, емдеуде қолданылатын инновациялық технологиялар";
"Амбулаториялық жағдайда туберкулездің ерте диагностикасы";
"Фтизиатриядағы химиотерапияның сұрақтары";
"Стационарды алмастыру технологиясында амбулаториялық фтизиатрияның диагностикасы мен емі";
"Фтизиатриядағы диагностика әдістері";
"Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жағдайында балалар мен ересектерге фтизиатриялық көмек көрсету";
"Фтизиатриялық ауруларды оңалту";
"Туберкулез жағдайындағы инфекциялық бақылау";
"Өкпеден тыс туберкулез және заманауи фтизиохирургия (өкпе және өкпеден тыс)".

14-тарау. "Кәсіптік патология" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

42. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

43. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 14-қосымшаға сәйкес "Кәсіптік патология" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

44. "Кәсіптік патология" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Кәсіптік ауруларды диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологиялары";

"Кәсіптік ауруларды диагностикалау, емдеу, оңалту және алдын алудың өзекті мәселелері";

"Еңбек гигиенасы мәселелері";

"Кәсіптік патологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Кәсіптік аурулары бар науқастардың еңбек сараптамасы мәселелері";

"Кәсіптік патологиядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері".

15-тарау. "Инфекциялық аурулар (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 15-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалардың инфекциялық аурулары бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

46. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 15-қосымшаға сәйкес "Инфекциялық аурулар (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

47. "Инфекциялық аурулар (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Инфекциялық нозологияның диагностикасы және емдеудің инновациялық технологиялары";

"Инфекциялық аурулар кезінде ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл көмек көрсету";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі инфекциялық ауруларға қойылатын ерте және салыстырмалы диагностикасы";

"Инфекциялық гепатология";

"Адам иммунитет тапшылығы вирусының мәселелері";

"Ішек гельминтоздары мен паразитоздарының өзекті мәселелері";

"Аса қауіпті жұқпалардың заманауи мәселелері";

"Жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен пандемиялық ағымды тұмау: бұл мәселенің қазіргі жағдайы, клиникалық-диагностикалық критерийлері, емі және қарқынды терапия, алдын алу және індетке қарсы шаралар";

"Қазіргі заманғы кезеңдегі жіті ішек инфекциялары";

"Адамның өзекті зооноздық инфекциялары";

"Балалар инфекцияларының мәселелері";

"Халықты вакциналау".

15-1-тарау. "Инфекциялық аурулар (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 15-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектердің инфекциялық аурулары бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

47-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 15-1-қосымшаға сәйкес "Инфекциялық аурулар (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

47-3. "Инфекциялық аурулар (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Балалардағы инфекциялық нозологияның диагностикасы және емдеудің инновациялық технологиялары";

"Инфекциялық аурулар кезінде ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл көмек көрсету";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі инфекциялық ауруларға қойылатын ерте және салыстырмалы диагностикасы";

"Инфекциялық гепатология";

"Адам иммунитет тапшылығы вирусының мәселелері";

"Ішек гельминтоздары мен паразитоздарының өзекті мәселелері";

"Аса қауіпті жұқпалардың заманауи мәселелері";

"Жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен пандемиялық ағымды тұмау: бұл мәселенің қазіргі жағдайы, клиникалық-диагностикалық критерийлері, емі және қарқынды терапия, алдын алу және індетке қарсы шаралар";

"Қазіргі заманғы кезеңдегі жіті ішек инфекциялары";

"Адамның өзекті зооноздық инфекциялары";

"Балалар инфекцияларының мәселелері".

16-тарау. "Дерматовенерология (дерматокосметология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

48. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), ересектер дерматовенерологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар дерматовенерологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

49. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 16-қосымшаға сәйкес "Дерматовенерология (дерматокосметология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

50. "Дерматовенерология (дерматокосметология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Дерматовенерологиядағы инновациялық технологиялар, соның ішінде балалардың";

"Дерматокосметологиядағы инновациялық технологиялар";

"Тері және венерологиялық аурулардың алдын алу, анықтау және емдеу, соның ішінде балалар";

"Терінің және оның қосалқыларын эстетикалық кемшіліктерінің алдын алу, оларды анықтау және емдеу";

"Балалардың дерматовенерологиясы";

"Дерматокосметология";

"Дерматовенерологияның өзекті мәселелері, соның ішінде балалардағы";

"Дерматовенерологиядағы шекаралық аурулар, соның ішінде балалардағы";

"Дерматовенерологиядағы аспаптық және зертханалық диагностикалау әдістері, соның ішінде балалардағы";

"Дерматовенерологиядағы жұқпалы аурулар, соның ішінде балалардағы";

"Дерматовенерологиядағы иммунология және аллергология мәселелері, соның ішінде балалардағы";

"Дерматоскопия, соның ішіндегі балалардағы";

"Дерматоонкология, соның ішінде балалардағы";
"Трихология, соның ішінде балалардағы";
"Дерматовенерология мен дерматокосметологиядағы физиотерапия";
"Заманауи дерматокосметология. Мезотерапия";
"Заманауи дерматокосметология. Пилингтер";
"Заманауи дерматокосметология. Контурлық пластика";
"Заманауи дерматокосметология. Лазерлер".

17-тарау. "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 17-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), балалар невропатологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

52. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 17-қосымшаға сәйкес "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

53. "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Жүйке жүйесінің тұқым қуалайтын аурулары";
"Жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары";
"Ересектердегі эпилепсия және эпилептика түріндегі синдромдар";
"Ересектердегі жүйке жүйесінің инфекциялық аурулары";
"Невролог дәрігердің практикасындағы органикалық психикалық бұзылулар".

17-1-тарау. "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 17-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта), ересектер невропатологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

53-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 17-қосымшаға сәйкес "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

53-3. "Неврология (негізгі мамандық бейіні бойынша функционалды диагностика) (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Жүйке жүйесінің тұқым қуалайтын аурулары";

"Жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары";

"Электроэнцефалография және Электроэнцефалография-мониторинг негізімен балалық жастағы эпилепсия";

"Балалардың жүйке жүйесінің инфекциялық, қабыну және демиелинсізденген аурулары";

"Невролог дәрігердің практикасындағы органикалық психикалық бұзылулар".

18-тарау. "Психиатрия (наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология, сот-психиатриялық сараптама, сот-наркологиялық сараптама)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

54. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

55. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 18-қосымшаға сәйкес "Психиатрия (наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология, сот-психиатриялық сараптама,

сот-наркологи́ялық сараптама)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

56. "Психиатрия (наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология, сот-психиатриялық сараптама, сот-наркологи́ялық сараптама)" мамандығы бойынша мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Психикалық аурулар ағымының жалпы заңдылықтары";

"Эндогендік психикалық бұзылыстар";

"Экзогендік психикалық бұзылыстар";

"Шекаралық (невротикалық) психикалық бұзылыстар";

"Психофармакология";

"Суицидтік мінез-құлық";

"Пациенттермен және олардың отбасымен психоәлеуметтік және психологиялық оңалту жұмыстарын жүргізу";

"Психикалық бұзылыстарды бастапқы сауықтыру";

"Наркомания: себептері, патогенезі, клиникалық ерекшеліктері, емдеу мәселелері, алдын алу және оңалту";

"Геронтопсихиатрия";

"Алкоголизм: себептері, патогенезі, клиникалық ерекшеліктері, емдеу мәселелері, алдын алу және оңалту";

"Токсикомания: себептері, патогенезі, клиникалық ерекшеліктері, емдеу мәселелері, алдын алу және оңалту";

"Психоактивті заттарға тәуелді пациенттерді уәждемелеу мәселелері";

"Шекаралық психикалық бұзылу кезіндегі психотерапия";

"Эндогендік және экзогендік аурулар кезіндегі психотерапия";

"Медициналық психологияның басты мәселелері";

"Сексопатологияның басты мәселелері";

"Сот психиатриясы мен наркологиясының басты мәселелері".

19-тарау. "Медициналық реабилитология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

57. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта) құрайды

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 19-қосымшаға сәйкес "Медициналық реабилитология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

59. "Медициналық реабилитология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Медициналық оңалтудағы инновациялық технологиялар";

"Медициналық оңалтудағы физиотерапия, емдік дене шынықтыру, массаж, курортология бөлімдері бойынша өзекті мәселелер, соның ішінде балалардағы";

"Медициналық оңалтудағы дәлелді медицина мәселелері";

"Кардиологиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері, соның ішінде балалардағы";

"Пульмонологиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Гастроэнтерологиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Неврологиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері, соның ішінде бала жасындағы";

"Хирургиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Акушерия-гинекологиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Нейрохирургиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Педиатриядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері";

"Травмотология мен ортопедиядағы медициналық оңалтудың өзекті мәселелері".

20-тарау. "Сәулелік терапия (радиациялық онкология)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 20-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

61. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 20-қосымшаға сәйкес "Сәулелік терапия (радиациялық онкология)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. "Сәулелік терапия (радиациялық онкология)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Сәулелік терапиядағы инновациялық технологиялар";

"Жеке орналасқан қатерлі ісіктерде қолданылатын жоғары технологиялы сәулелік терапия";

"Жеке орналасқан қатерлі ісіктерде қолданылатын сәулелік терапияның өзекті мәселелері";

"Сәулелік терапияның таңдаулы мәселелері".

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21-тарау. "Сәулелі диагностика (рентгенология, компьютерлік және магнитті-резонанстық томография, ультрадыбыстық диагностика, ядролық медицина)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 21-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

64. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 21-қосымшаға сәйкес "Сәулелі диагностика (рентгенология, компьютерлік және магнитті-резонанстық томография, ультрадыбыстық диагностика, ядролық медицина)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. "Сәулелі диагностика (рентгенология, компьютерлік және магнитті-резонанстық томография, ультрадыбыстық диагностика, ядролық медицина)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Сәулелік диагностикадағы инновациялық технологиялар";

"Дифференциалды рентгендиагностика";

"Шұғыл рентгендиагностика";

"Рентгендік маммография";

"Фтизиорентгенология элементтері бар рентгенологияның өзекті мәселелері";

"Ультрадыбыстық диагностиканың өзекті мәселелері, соның ішінде балалардағы";

"Радиоизотопты және радионуклидті диагностиканың өзекті мәселелері, соның ішінде балалардағы";

"Онкологиядағы сәулелік диагностика";

"Травматология және ортопедиядағы сәулелік диагностика".

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-тарау. "Функционалдық диагностика" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

66. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы, "Медициналық биологиялық іс" (біліктілігі-дәрігер) мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 22-қосымшаға сәйкес "Функционалдық диагностика" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

68. "Функционалдық диагностика" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Функционалды диагностикадағы инновациялық технологиялар";

"Кардиологиядағы функционалды диагностика";

"Балалар кардиологиясындағы функционалды диагностика";

"Пульмонологиядағы, балалар пульмонологиясындағы функционалды диагностика";

"Неврологиядағы, балалар неврологиясындағы функционалды диагностика";

"Функционалды диагностикадағы дәлелді медицина мәселелері";

"Цереброваскулярлы паталогиядағы клиникалық электроэнцефалография";

"Клиникалық электрокардиография (жүректің ишемиялық ауруы, миокард инфаркті, перикардиттер, жүректің туа біткен және жүре пайда болған ақаулары кезінде электрокардиография және инновациялық кардиовизорлық дисперсиялық компьютерлік диагностика)".

23-тарау. "Клиникалық зертханалық диагностика" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

69. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", " Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы, "Медициналық биологиялық іс " (біліктілігі-дәрігер) мамандығы бойынша жоғары медициналық білімі бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 23-қосымшаға сәйкес "Клиникалық зертханалық диагностика" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

71. "Клиникалық зертханалық диагностика" мамандығы бойынша біліктілік арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылып отырған тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Клиникалық зертханалық диагностикадағы инновациялық технологиялар";

"Зертханалық зерттеу әдістерін түсіндіру";

"Клиникалық зертханалық диагностикадағы дәлелді медицина мәселелері";

"Жұқпалы аурулардың зертханалық диагностикасы";

"Гемостаз жүйесінің зертханалық диагностикасы";

"Жұқпалы аурулардың диагностикасындағы зерттеудің серологиялық әдістер";

"Паразитологиялық зертханалық диагностика";

"Иммунологиялық статусты кешенді зерттеу";

"Молекулярлық-биологиялық және генетикалық зертханалық диагностика";

"Аурулар диагностикасындағы зерттеудің иммуноферментті әдістері";

"Диагностикадағы зертханалық және аспаптық зерттеу әдістері";

"Ағзаның биологиялық сұйықтықтарын микроскопиялық зерттеу";

"Цитологиялық зертханалық диагностика";

"Заманауи токсикологиялық зерттеу әдістері";

"Зертханалық зерттеулердің сапасын сырттай бағалау";

"Анемиялардың сараланған зертханалық диагностикасы".

24-тарау. "Спорт медицинасы" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

72. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

73. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 24-қосымшаға сәйкес "Спорт медицинасы" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

74. "Спорт медицинасы" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Спорт медицинасындағы инновациялық технологиялар";

"Спорт медицинасындағы дәлелді медицинаның өзекті мәселелері";

"Түрлі спортпен айналысу барысында алынатын жарақаттанудың ерекшеліктері";

"Түрлі спорт мамандықтары өкілдерін медициналық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері";

"Спорт медицинасындағы диагностиканың заманауи зертханалық әдістері. Биохимиялық мониторинг";

"Спорт медицинасындағы диагностиканың заманауи аспаптық әдістері";

"Спортта тамақтанудың өзекті мәселелері";

"Жарақаттан кейінгі медициналық оңалту";

"Физикалық жұмысқа белсенділікке әсер ететін факторлар";

"Допингтер және допингке қарсы бақылау";
"Спортта қолданылатын фармакологиялық заттар".

25-тарау. "Гериатрия" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

75. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 25-қосымшаға сәйкес "Гериатрия" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

77. "Гериатрия" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Гериатриядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл гериатрия";

"Амбулаториялық және стационарлық сатыдағы кардиология, ревматология, пульмонология, гастроэнтерология, нефрология, эндокринология, аллергология мен иммунология, гематологияның өзекті мәселелері";

"Амбулаториялық-емханалық гериатрия";

"Гериатриядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Жұқпалы аурулар";

"Соматикалық және хирургиялық аурулардың шекаралық жағдайлары";

"Гериатриядағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Гериатриядағы қарқынды емдеу (симуляциялық платформалар пайдаланылатын практикалық курс)";

"Егде жастағылар үшін алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің өзекті мәселелері".

26-тарау. "Клиникалық фармакология" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

78. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 864/16 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 26-қосымшаға сәйкес "Клиникалық фармакология" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

80. "Клиникалық фармакология" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Формулярлық жүйе. Дәрі-дәрмектерді тиімді пайдалану";

"Медицина ұйымдарында клиникалық фармакология қызметін ұйымдастыру және жұмыс істеуі";

"Фармакоэпидемиология және фармакоэкономика. Медицина мекемелерінде фармакоэпидемиологиялық және фармакоэкономикалық зерттеу жүргізудің қағидаттары";

"Дәлелді медицина мәселелері және тиімді фармакологиялық терапия";

"Дәрі-дәрмектерді клиникалық зерттеу";

"Дәрі-дәрмектердің қолданылуын бағалау және медикаментті терапияның клиникалық-фармакологиялық сараптамасы";

"Микробқа қарсы қолданылатын дәрі-дәрмектердің клиникалық фармакологиясы";

"Ас қорыту ағзалары ауруларының тиімді фармакотерапиясы";

"Тыныс алу ағзалары ауруларының тиімді фармакотерапиясы";

"Жүрек-қан тамыр ауруларының тиімді фармакотерапиясы";

"Ревматикалық ауруларының тиімді фармакотерапиясы";

"Неврологиядағы тиімді фармакотерапия";

"Акушериялық және гинекологиялық практикадағы тиімді фармакотерапия";

"Хирургиялық практикадағы микробқа қарсы тиімді терапия. Антибиотикті профилактика";

"Нефрология мен урологиядағы тиімді фармакотерапия";

"Трансплантологиядағы тиімді фармакотерапиясы";

"Онкологиядағы тиімді фармакотерапиясы";

"Гепатологиядағы тиімді фармакотерапиясы";

"Тиісті клиникалық практика";

"Балалардың дәрі-дәрмек қолдану ерекшеліктері";

"Фармакологиялық қадағалау";

"Комплаенттіліктің, емделуші мектептерінде оқытудың, өзін-өзі емдеу сұрақтарының клиникалық-фармакологиялық аспектілері".

27-тарау. "Дәстүрлі терапия (рефлексотерапия, мануалды терапия, су-джок-терапия, гомеопатия, гирудотерапия, фитотерапия)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

81. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

82. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 27-қосымшаға сәйкес "Дәстүрлі терапия (рефлексотерапия, мануалды терапия, су-джок-терапия, гомеопатия, гирудотерапия, фитотерапия)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

83. "Дәстүрлі терапия (рефлексотерапия, мануалды терапия, су-джок-терапия, гомеопатия, гирудотерапия, фитотерапия)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Инерефлексотерапияның негіздері";

"Рефлексотерапия (Ағзалардың синдромдары)";

"Рефлексотерапия (Ғажайып меридиандар)";

"Ауыру сезімінің рефлексотерапиясы";

"Неврологиядағы рефлексотерапия";

"Ішкі аурулар клиникасындағы рефлексотерапия";

"Остеопатиялық медицина мен мануалды терапияның негіздері";

"Краниосакральды мануалды терапия";

"Висцеральды мануалды терапия";

"Омыртқаның мойын бөлігі мен қолдардың мануалды терапиясы";

"Омыртқаның бел бөлігі мен аяқтардың мануалды терапиясы";

"Балалық шақтағы остеопатиялық медицина және мануалды терапия";

"Акушерия мен гинекологиядағы остеопатиялы медицина және мануалды терапия";

"Бас ауруын диагностикалау және мануалды-остеопатиялы емдеу";

"Висцеральді ауруларды диагностикалау және мануалды-остеопатиялы емдеу";

- "Медициналық массаж негіздері";
- "Су-джок терапиясының негіздері";
- "Фитотерапия негіздері";
- "Гирудотерапия негіздері";
- "Гомеопатия негіздері";
- "Апитерапия негіздері".

28-тарау. "Авиациялық және ғарыштық медицина" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

84. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде- 864/16 сағатты (апта) құрайды.

Ескерту. 84-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 28-қосымшаға сәйкес "Авиациялық және ғарыштық медицина" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

86. "Авиациялық және ғарыштық медицина" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы инновациялық технологиялар";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы өзекті мәселелер";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы эфферентті терапия";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы дәлелді медицина мәселелері";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы қарқынды терапия және реанимация";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы шұғыл жәрдем";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы клиникалық фармакология";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы зерттеудің зертханалық әдістерін түсіндіру";
- "Авиациялық және ғарыштық медицинадағы диагностиканың аспаптық және зертханалық әдістері".

29-тарау. "Төтенше жағдайлар және апат медицинасы" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

87. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта) құрайды.

88. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 29-қосымшаға сәйкес "Төтенше жағдайлар және апат медицинасы" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

89. "Төтенше жағдайлар және апат медицинасы" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл терапиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл хирургиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл травматологиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл педиатриялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл акушериялық-гинекологиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл психологиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл токсикологиялық көмек";
- "Төтенше жағдайлар эпидемиологиясы";
- "Төтенше жағдайлар кезіндегі шұғыл психиатриялық көмек".

30-тарау. "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 30-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 1080/20 сағатты (апта), балалар анестезиология және реаниматологиясы бойынша қайта даярлау циклдерінде ересектер бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

91. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 30-қосымшаға сәйкес "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

92. "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Көп бейінді медициналық ұйымдардағы анестезия және қарқынды терапия";

"Кардиохирургиядағы (ересектер) анестезия және қарқынды терапия";

"Онкология және гематологиядағы анестезия және қарқынды терапия";

"Акушерлік патология кезіндегі анестезия және қарқынды терапия".

"Анестезиология және реаниматология мамандығының арнайы бөлімдерінің (акушериядағы, нейрореаниматологиядағы, кардиоанестезиологиядағы, торакалді анестезиологиядағы, анестезия және қарқынды терапия) ерекшеліктерін тереңдете зерттеу";

"Анестезиологиядағы инновациялық технологиялар";

"Қарқынды терапиядағы инновациялық технологиялар";

"Амбулаториялық анестезиология";

"Дәлелді медицина мәліметтеріне сүйене отырып, анестезия немесе қарқынды терапия әдістерін оңтайландыру және стандарттау";

"Дәлелді медицина мәліметтерін ескере отырып, түрлі жағдайлар немесе синдромдар кезіндегі қарқынды терапия".

30-1-тарау. "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. Үлгілік бағдарлама 30-1-тараумен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92-1. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", " Педиатрия", "Шығыс медицинасы", "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 1080/20 сағатты (апта), ересектер анестезиология және реаниматологиясы бойынша қайта даярлау циклдерінде балалар бейіні бойынша - 432/8 сағатты (апта) құрайды.

92-2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 30-1-қосымшаға сәйкес "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

92-3. "Анестезиология және реаниматология (перфузиология, токсикология) (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Көп бейінді медициналық ұйымдардағы анестезия және қарқынды терапия";

"Неонтологиядағы анестезия және қарқынды терапия";

"Педиатриядағы анестезия және қарқынды терапия";

"Кардиохирургиядағы (балалар) анестезия және қарқынды терапия";

"Онкология және гематологиядағы анестезия және қарқынды терапия";

"Акушерлік патология кезіндегі анестезия және қарқынды терапия".

"Анестезиология және реаниматология мамандығының арнайы бөлімдерінің (акушериядағы, нейрореаниматологиядағы, кардиоанестезиологиядағы, торакалді анестезиологиядағы, анестезия және қарқынды терапия) ерекшеліктерін тереңдете зерттеу";

"Анестезиологиядағы инновациялық технологиялар";

"Қарқынды терапиядағы инновациялық технологиялар";

"Амбулаториялық анестезиология";

"Дәлелді медицина мәліметтеріне сүйене отырып, анестезия немесе қарқынды терапия әдістерін оңтайландыру және стандарттау";

"Дәлелді медицина мәліметтерін ескере отырып, түрлі жағдайлар немесе синдромдар кезіндегі қарқынды терапия".

31-тарау. "Жалпы хирургия (торакальді, абдоминальді, трансплантология, колопроктология, онкологиялық хирургия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық зерттеу, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

Ескерту. 31-тарау жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдерінде - 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "

Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде - 1080/20 сағатты (апта) құрайды.

94. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 31-қосымшаға сәйкес "Жалпы хирургия (торакальді, абдоминальді, трансплантология, колопроктология, онкологиялық хирургия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық зерттеу, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

95. "Жалпы хирургия (торакальді, абдоминальді, трансплантология, колопроктология, онкологиялық хирургия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық зерттеу, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия)" мамандығы бойынша біліктілік арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Хирургиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологиялары";

"Шұғыл хирургияның өзекті мәселелері";

"Абдоминалды хирургиядағы эндовидеохирургиялық араласулар";

"Іріңді хирургиядағы өзекті мәселелер";

"Хирургиядағы реконструктивті-қалпына келтіру көмектері";

"Торакальді хирургиядағы өзекті мәселелер";

"Саңылауішілік эндовидеохирургия";

"Қан тамыр хирургиясының өзекті мәселелері";

"Шағын инвазивті хирургия";

"Колопроктологияның өзекті мәселелері";

"Торакальді хирургиядағы эндовидеохирургия";

"Амбулаториялық-емханалық хирургия мәселелері";

"Бариатриялық хирургия".

32-тарау. "Кардиохирургия (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы.

96. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейіні бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер кардиохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар кардиохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

97. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 32-қосымшаға сәйкес "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

98. "Кардиохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Кардиохирургиядағы инновациялық технологиялар";

"Ауруханалық және ауруханаға дейінгі кезеңдердегі жедел жәрдем станциясындағы шұғыл кардиохирургия";

"Амбулаториялық және стационарлық деңгейдегі кардиохирургияның өзекті мәселелері";

"Амбулаторлық-емханалық кардиохирургия";

"Кардиохирургиядағы диагностикалаудың аспаптық және зертханалық әдістері";

"Кардиохирургиядағы өзекті мәселелер".

33-тарау. "Ангиохирургия (рентгендік хирургия, интервенциялық хирургия) (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

99. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейіні бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер ангиохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар ангиохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта).

100. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 33-қосымшаға сәйкес "Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

101. "Ангиохирургия (рентгенохирургия, интервенциялық хирургия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Қантамыр жүйесі ауруларын диагностикалаудың негізгі";

"Ангиохирургиядағы инновациялық технологиялар";

"Шұғыл ангиохирургиядағы өзекті мәселелер";

"Эндоваскулярлық хирургияның өзекті мәселелері";

"Шағын инвазивтік ангиохирургия";

"Балалардағы жүрек-қантамыр жүйесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері";

"Акушерия және гинекологиядағы ангиохирургия".

34-тарау. "Нейрохирургия (балалар, ересектер)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

102. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейіні бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер нейрохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар нейрохирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

103. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 34-қосымшаға сәйкес "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

104. "Нейрохирургия (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Нейрореанимация және нейроанестезиология";

"Нейрохирургиядағы сәулелік диагностика";

"Нейроофтальмология";

"Клиникалық нейрофизиология";

"Нейроинфекция";

"Орталық жүйке жүйесінің патологиялық анатомиясы";

"Жалпы хирургия (хирургия, травматология, ортопедия, онкология)";

"Балалар хирургиясы, травматология және ортопедия";

"Нейрохирургиялық аурулардың диагностикасы мен еміндегі инновациялық технологиялар";

"Орталық жүйке жүйесі хирургиясындағы нейроэндоскопиялық араласулар, шағын инвазивті хирургия";

"Пластикалық және реконструктивті микронеурхирургия";

"Шұғыл нейрохирургиялық патологиялар кезіндегі диагностикалау мен емдеуі";

"Балалар нейрохирургиясының өзекті мәселелері";

"Нейроонкологиядағы инновациялық технологиялар";

"Жіті инсульт және цереброваскулярлы патология кезіндегі эндоваскулярлы және микрохирургия";

"Жұлын мен омыртқа бағанасы патологиясындағы шағын инвазивті нейрохирургия".

35-тарау. "Жақсүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

105. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Стоматология", "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейіні бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), ересектер жақсүйек-бет хирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар жақсүйек-бет хирургиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

106. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 35-қосымшаға сәйкес "Жақсүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

107. "Жақсүйек-бет хирургиясы (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Жақсүйек-бет хирургиясындағы инновациялық технологиялар", оның ішінде балалардағы;

"Пародонт ауруларын хирургиялық емдеу әдістері";

"Тістердің, альвеолярлы өсіндінің және төменгі жақтың зақымданулары", оның ішінде балалардағы;

"Жақ сүйектерінің туа біткен және жүре пайда болған ақаулары мен деформациялары. Жақ сүйектерінің ақаулары мен деформацияларын дистракционды және компрессионды емдеу әдістері";

"Бас және мойын аймағындағы туа біткен және жүре пайда болған ақаулар мен деформациялар кезіндегі реконструктивті-қалыптастырушы операциялар";

"Тіндерді еркін ауыстыру. Тері пластикасы, тері трансплантаттарының түрлері, қолдануға көрсеткіш. Бет аймағында сүйекті-пластикалық операциялар";

"Беттегі қалыптастырушы пластикалық операциялар";

"Тіс имплантациясы. Имплант конструкциясын таңдау. Имплантация әдістемесі";

"Эстетикалық хирургия".

36-тарау. "Пластикалық хирургия" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

108. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейіні бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта) құрайды.

109. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 36-қосымшаға сәйкес "Пластикалық хирургия" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

110. "Пластикалық хирургия" мамандығы бойынша біліктілік арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Білектің пластикалық және реконструкциялық хирургиясының өзекті мәселелері";

"Иық өрімдерінің пластикалық және реконструкциялық хирургиясының өзекті мәселелері";

"Пластикалық және реконструкциялық хирургиядағы іріңді хирургияның өзекті мәселелері";

"Бастың, мойынның, көкіректің, жамбастың, бөксенің, балтыр мен табанның үлкен ақауларының пластикалық және реконструкциялық хирургиясының өзекті мәселелері";

"Пластикалық және реконструкциялық хирургиядағы реплантология мен трансплантологияның өзекті мәселелері";

"Косметологиялық хирургияның өзекті мәселелері".

37-тарау. "Онкология (химиотерапия, маммология (ересектер))" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

111. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары

медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 864/16 сағатты (апта), балалар онкологиясы бойынша қайта даярлау болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

112. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 37-қосымшаға сәйкес "Онкология (химиотерапия, маммология (ересектер))" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

113. "Онкология (химиотерапия, маммология (ересектер))" мамандығы бойынша біліктілік арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Онкологиядағы инновациялық технологиялар";

"Онкологиядағы өзекті мәселелер, соның ішінде онкологиялық хирургия";

"Маммологияның өзекті мәселелері";

"Амбулаториялық жағдайда онкологиялық ауруларды ерте диагностикалау";

"Онкологиядағы сәулелік терапия";

"Онкологиядағы химиялық терапия мәселелері";

"Онкологиядағы дәлелді медицина мәселелері";

"Онкологиядағы патоморфология".

38-тарау. "Травматология-ортопедия (комбустиология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

114. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Педиатрия", "Емдеу ісі", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер травматологиясы және ортопедиясы бойынша қайта даярлау болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар травматологиясы және ортопедиясы бойынша қайта даярлау болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

115. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 38-қосымшаға сәйкес "Травматология-ортопедия (комбустиология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

116. "Травматология-ортопедия (комбустиология) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Травматология және ортопедиядағы инновациялық технологиялар";

"Травматология-ортопедиядағы және комбустиологиядағы өзекті проблемалар, балалардағы және егде жастағылардың тірек-қимыл аппараты аурулары мен жарақаттарының ерекшеліктері, көптеген жарақаттарды емдеу және диагностикалау ерекшеліктері";

"Амбулаториялық травматология мен ортопедия (комбустиология) және диагностика мен емдеуде қолданылатын стационар-алмастырушы технологиялар".

39-тарау. "Урология және андрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбысты диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

117. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиария", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейін бойынша интернатурасы бар мамандар үшін қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер урологиясы және андрологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар урологиясы және андрологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

118. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 39-қосымшаға сәйкес "Урология және андрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбысты диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

119. "Урология және андрология (негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбысты диагностика, негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия) (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Урологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің инновациялық технологиялары";

"Урология және андрология мәселелері";

"Уроонкология мәселелері";

"Урогинекология мәселелері";

"Балалар урологиясының мәселелері";

"Шағынинвазивті урология";

"Урологиядағы эндобейнехирургиялық араласу";

"Урология және андрологиядағы дәлелді медицина мәселелері";
"Хирургиялық андрология";
"Ерлер бедеулігі";
"Эректілі дисфункция";
"Оперативтік урологиядағы лазерлік технологиялар".

40-тарау. "Офтальмология" (ересектер, балалар) мамандығы бойынша медицина кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлаудың үлгілік бағдарламасы

120. Оқыту ұзақтығы біліктілікті арттыру циклдерінде 54/1 сағаттан 216/4 сағатқа дейін, сертификаттау циклдарында – 108/2 сағат (апта), "Емдеу ісі", "Педиатрия", "Шығыс медицинасы" мамандықтары бойынша жоғары медициналық білімі және хирургиялық бейін бойынша интернатурасы бар мамандарды қайта даярлау циклдерінде – 1080/20 сағатты (апта), ересектер офтальмологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда балалар бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта), балалар офтальмологиясы бойынша қайта даярлауы болғанда ересектер бейіні бойынша – 432/8 сағатты (апта) құрайды.

121. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Үлгілік бағдарламаға 40-қосымшаға сәйкес "Офтальмология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша Үлгілік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламасының мазмұндары негізінде жүзеге асырылады.

122. "Офтальмология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру мен қайта даярлау циклдерінде таңдау компоненттерінің ұсынылатын тақырыптары (бағыттары) мыналар:

"Фактоэмульсификацияланған катаракта";
"Офтальмологиядағы инновациялық технологиялар";
"Интраокулярлық линзаларды имплантациялау";
"Глаукома";
"Кейбір көз ауруларының диагностикасы мен емдеудің заманауи әдістері";
"Глаукоманы емдеудің заманауи әдістері";
"Мөлдір қабықтың патологиясы. Кератопластикалар;
"Тор қабықтың сылынуы, заманауи емдеу әдістері";
"Дегенеративті миопия және аметропияның басқа түрлері";
"Балардағы қылилық, емдеу";
"Балалардағы көру мүшесінің туа біткен аурулары";
"Балалардың көз түбі патологиясы";
"Нәрестелердің көз ағзалары патологиясы";
"Аметропия түзетулері";
"Көз микрохирургиясы";
"Глаукома. Глаукомалардың микрохирургиясы";

"Көру мүшесінің зақымдалуы, реконструктивті хирургия";
"Көз алмасының алдыңғы кесіндісінің реконструктивті хирургиясы";
"Витреоретинальды хирургия";
"Эндокриндік офтальмопатия";
"Диабеттік офтальмопатия";
"Офтальмоонкология";
"Ересектер офтальмологиясы"
"Балалар офтальмологиясы";
"Офтальмологиядағы лазерлік емдеу әдістері";
"Диабеттік ретинопатия және көз ағзаларының басқа да тамыр патологиясы";
"Көру мүшесінің шұғыл жағдайлары";
Ревматологияда соның ішінде балалар жасындағы инновациялық технологиялар	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	6	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Тірек-қимыл аппаратының дегенеративтік және метаболикалық аурулары	90*	
Кезек күттірмейтін медициналық көмеккөрсету алгоритмі	9	
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар	9	

Қорытынды бақылау	6	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Стационардағы балалар жасындағы ревматология
	Қазақстан Республикасында балаларға ревматологиялық көмектің құрылысы мен ұйымдастыруы. Ревматологиялық аурулардың жұмыс жіктемесі мен номенклатурасы. Ревматологиялық аурулардың этиологиясы мен патогенезінің негізгі ұстанымдары. Балалардағы ревматологиялық аурулардың диагностикалық алгоритмі, саралау диагностикасы, ағымдық даму ерекшеліктері. Жіті ревматикалық қызба. Жүйелі васкулиттер. Ювенильді ревматоидты артрит және анкилоздаушы спондилоартрит. Дәнекер тіннің жүйелі аурулары: диагностикасы, саралау диагностикасы, хаттамаларға сәйкес емдеуі, профилактикасы. Балалар ревматологиясында қолданылатын зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін таңдау және олардың нәтижесін талдау. Балалар ревматологиясындағы дәлелді медицина. Емдеу хаттамаларына сүйене отырып, балалар жасына байланысты ревматоидты аурулардың заманауи фармакотерапиясын жүргізу. Ревматологиядағы альтернативті және инновациялық емдеу әдістері.
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық балалар жасындағы ревматология
	Қазақстан Республикасында балаларға амбулаториялық-емханалық ревматологиялық көмекті ұйымдастыру. Балалар ревматологиясындағы медициналық - әлеуметтік сараптама. Ауруханаға дейінгі кезеңде шұғыл диагностикалық алгоритмі, саралау диагностикасы. Амбулаториялық жағдайда ревматологиялық аурулардың базистік (негізгі) терапиясына мониторинг жасау ерекшеліктері. Балаларға амбулаториялық жағдайда ревматологиялық аурулардың зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін таңдау. Диспансерлеу. Оңалту. Медициналық -әлеуметтік сараптама комиссиясы.
МБП 03	Дәлелді медицинаның мәселелері
	Дәлелді медицинаға кіріспе. Араласу түрлері. Зерттеулер түрлері. Зерттеу дизайны.

	<p>Рандомизирленген бақылау- зерттеу. "Алтын стандарт". Дәлелдеу дәрежесі бойынша ғылыми деректердің иерархиясы. Клиникалық мәселелерді тұжырымдау. Мәліметтер базасынан медициналық ақпараттарды іздеу стратегиясы. Интернеттегі Medline (Медлайн), Cochrane (Кочрейн), PubMed (Пабмед) медициналық дерекқорлар. Жүйелі шолу. Мета-анализ. Дәлелді медицина негізіндегі медициналық ақпараттарды сыни бағалау. Өртүрлі типтегі зерттеулер үшін дәлелдеме кестелері. Дәлелдеме кестелері бойынша мақалаларды талқылау.</p>
МБП 04	<p>Ревматологиядағы оңалту мәселелері</p> <p>Ревматологиядағы оңалту ерекшеліктері. Ревматологиядағы оңалту мақсаты. Ревматологиялық аурулардың қайта қалпына келтіру еміндегі негізгі жағдай. Оңалту кезеңдері (клиникалық, санаторлық және бейімдеу). Қайта қалпына келтіру кезеңінде ревматологиялық науқастарды дәрігерлік бақылау. Мамандандырылған оңалту мекемелері. Қарсы көрсетілімдер.</p>
МБП 05	<p>Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері</p> <p>Базалық реанимация - Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.</p>
МБП 06	<p>Инфекциялық бақылау. АИТВ-инфекциясы</p> <p>Денсаулық сақтау нысандарындағы инфекциялық аурулардың пайда болуының және таралуының профилактикасына бағытталған ұйымдастыру, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесінің негізгі қағидаттары. Инфекциялық бақылау комиссиясын (бұдан әрі - ИБК) ұйымдастыру. Ауруханаішілік инфекцияны (бұдан әрі - АИ) эпидемиологиялық талдау. АИ қоздырғыштары, антибиотикке төзімділік. Инфекциялық бақылауды микробиологиялық қамтамасыз ету. Зарарсыздандыру, оның түрлері және АИ профилактикасы міндеттері. АИТВ-инфекциясы бар науқастарға стационарлық</p>

	және амбулаториялық көмекті ұйымдастыру. АИТВ-инфекциясының профилактикасы. АИТВ-ға тестілеуге дейінгі және кейінгі консультация. АИТВ-инфекциясының клиникасы, салдарлы аурулар. АИТВ-инфекциясын емдеудің негізгі қағидаттары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау

6. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Балалар жасындағы ревматологиясының өзекті мәселелері
	Халықаралық бағдарламалар мен хаттамаларды қоса алғанда, дәлелді медицина негізіндегі қазіргі көзқарас бойынша ревматологиялық аурулардың, соның ішінде балалар жасындағы ревматологиялық аурулардың этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, сараланған диагностикасы, емдеу әдістері, профилактикасы, шұғыл көмек. Ауруханаға дейінгі және ауруханадан кейінгі деңгейде көмек көрсетудің ерекшеліктері.
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
	Базалық реанимация - Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
	Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу

	, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау
	Қорытынды

7. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны(жоғарғы және бірінші санаттар үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Балаларжасындағы ревматологиядағы инновациялық технологиялар
Ревматологияның өзекті мәселелері: этиопатогенез, клиника және диагностикалау мен емдеудің инновациялық әдістері. Дәлелді медицинаға заманауи көзқарастармен, соның ішінде халықаралық бағдарламалар мен хаттамаларға негізделген ревматологиялық аурулар кезіндегі шұғыл көмек.
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
Базалық реанимация - Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот).Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардың клиникалық диагностика негіздері. Науқастың зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажи. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.
Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
Қорытынды бақылау

8. "Ревматология (балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (екінші санат үшін)

Пән атауы, олардың негізгі бөлімдері
Тірек-қимыл аппаратының дегенеративтік және метаболикалық аурулары
Тірек-қимыл аппаратының дегенеративті және метаболикалық ауруларының дәлелді медицина негізіндегі қазіргі көзқарас бойынша этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы, саралау диагностикасы, емдеу әдістері, профилактикасы, жедел жәрдемі.
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері

Базалық реанимация - Basis Life Support (Бәсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсынымдары. Терминалды жағдайлардың клиникалық диагностика негіздері. Науқастың зардап шегушінің жағдайын біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажи. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдісі. Кеңірдек интубациясы.

Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар

Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.

Қорытынды бақылау

Қолданылған қысқартулар:

НП - негізгі пәндер;

МНП - міндетті негізгі пәндер;

БП - бейінді пәндер;

МБП - міндетті бейінді пәндер;

ТБП - таңдау бойынша бейінді пәндер;

ҚБ - қорытынды бақылау.

Медицина және фармацевтика
кадрларының біліктілігін
арттыру және қайта даярлаудың
үлгілік бағдарламасына
6-қосымша

"Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары мен мазмұны

1. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша қайта даярлау циклдерінің үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пәндердің атауы	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)*	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта) **	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)***	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер	54/1			
МНП 01	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу . Медициналық құқық	9			Сынақ

МНП 02	Саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері	9			Сынақ
МНП 03	Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	27			Сынақ
МНП 04	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау(апаттар медицинасы мәселелерін қоса алғанда)	9			Сынақ
БП	Бейінді пәндер	810/15			
МБП	Міндетті компонент	432/8	432/8	432/8	
МБП 01	Стационардағы клиникалық иммунология	54			Сынақ
МБП 02	Стационардағы клиникалық аллергология	99			Сынақ
МБП 03	Стационардағы балалардың клиникалық иммунологиясы және аллергологиясы	108		216	Сынақ
МБП 04	Стационардағы ересектердің клиникалық иммунологиясы және аллергологиясы		216		Сынақ
МБП 05	Әртүрлі жастағы амбулаториялық -емханалық аллергология.	108			Сынақ
МБП 06	Ересектердің амбулаториялық -емханалық аллергология.		216,соның ішінде қорытынды бақылау сағаты		Сынақ
МБП 07	Балалар жасындағы амбулаториялық -емханалық аллергология.			216,соның ішінде қорытынды бақылау сағаты	Сынақ

МБП 08	Дәлелді медицина мәселелері	18			Сынақ
МБП 09	Аллергология және иммунологиядағы оңалту мәселелері	9			Сынақ
МБП 10	Психикалық-эмоциялық көмек мәселелері	9			Сынақ
МБП 11	Ауыр жағдайда жедел медициналық жәрдем	18			Сынақ
МБП 12	Инфекциялық бақылау. Адам иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі – АИТВ-инфекциясы)	9			Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компоненті	378/7			Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	6 (ТБК-дан)	6	6	Емтихан
	Жиыны	864/16	432/8	432/8	

Ескертулер:

* Аллергология және иммунология бойынша қайта даярлау курсынан өтпеген мамандарға;

** Балалар аллергиясы және иммунологиясы бойынша қайта даярлау курсынан өткен мамандарға;

*** Ересектер аллергиясы және иммунологиясы бойынша қайта даярлау курсынан өткен мамандарға.

2. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілік арттыру циклдерінің үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пәндердің атауы	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	О қ у жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер				18/1/3	
	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау (салауатты					

МНП 01	өмір салтын қалыптастыру, апаттар медицинасы мәселелерін қоса алғанда)				9	Сынақ
МНП 02	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық				9	Сынақ
БП	Бейінді пәндер	54/1	108/2	162/3	198/32/3	
МБП	Міндетті компонент				90/12/3	
МБП 01	Аллергология және иммунология, соның ішінде балалар жасындағы аллергия және иммунология мәселелері				63	Сынақ
МБП 02	Ауыр жағдайда жедел медициналық жәрдем				18	Сынақ
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативті дағдылар				9	
ТБП	Таңдау бойынша компоненті	54/1	108/2	162/3	108/2	Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	2(ТБП-дан)	2(ТБП-дан)	2(ТБП-дан)	6(ТБП-дан)	Сынақ
	Жиыны	54/1	108/2	162/3	216/4	

3. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (жоғарғы және бірінші санаттар үшін)

Пәндер атаулары	Оқу жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	Бақылау нысаны
Аллергология және иммунологиядағы инновациялық технологиялары	90*	

Ауыр жағдайдағы жедел медициналық жәрдем	9	
Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Жиыны	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санат үшін)

Пәндер атаулары	Оқу жүктемесінің көлемі (сағат, апта)	Бақылау нысаны
Күнделікті практикадағы аллергиялық ауруларды диагностикалау және емдеудің заманауи әдістері	90*	
Ауыр жағдайдағы жедел медициналық жәрдем	9	
Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Жиыны	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пәндер атаулары	Пәндер атаулары және олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді Пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Стационардағы клиникалық иммунология Имунология мен клиникалық иммунологияның негіздері. Клиникалық иммунологияның пропедевтикасы. Имунитет диагностикасының зертханалық әдістері. Имунитет тапшылығының этиологиясы, патогенезі, клиникалық көрінісі. Біріншілік және екіншілік иммундық тапшылықты аурулар, диагностикасы. Пре- және манифесттік ЖИТС-тің негізгі клиникалық көріністері. Имунитет тапшылығы жағдайындағы иммунотерапиялық қағидаттар. Тыныс жолы, асқазан-ішек жолы, терінің аллергиялық ауруларының эпидемиологиясы, этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы және емдеу қағидаттары. Аутоиммунды бұзылыстар. Дәнекер тін ауруларының этиологиясы, иммунологиясы, морфологиясы, клиникасы, диагностикасы, саралау диагностикасы. Диагностиканың зертханалық

	<p>әдістері. Ісіктер иммунологиясы. Иммунотерапия. Трансплантацияның иммунологиясы мен иммунопатологиясы. Клиникалық фармакотерапия.</p>
<p>МБП 02</p>	<p>Стационардағы клиникалық аллергология</p> <p>Аллергология негіздері. Клиникалық аллергологияның пропедевтикасы. Аллергиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, жіктемесі, диагностикасы, саралау диагностикасының қағидаттары. Аллергиялық патологиясы бар науқастардың жоғарғы тыныс алу, есту жолдарының, көру анализаторының, тері, бронх-өкпе аппаратының, асқазан-ішек жолы және ағзаның басқа жүйелерін тексеру әдістері мен қағидаттары. Пульмонология, гастроэнтерология, кардиология, оториноларингологияда, офтальмология және дерматологияда аллергиялық патологиялардың диагностикасында және саралау диагностикасында жалпы зертханалық, функционалдық және арнайы (ультрадыбыстық, эндоскопиялық және басқа) тексеру әдістері. Аллергологиядағы шұғыл жағдайлар. Арнайы және арнайы емес иммунотерапияға арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер, әдістемесі және болуы мүмкін асқынулар. Емдеуге жатқызу кезеңіндегі шұғыл аллергиялық жағдайлар. Аллергиялық аурулардың интенсивті терапиясының және реанимациясының заманауи әдістері. Көздің, тыныс жолдарының, терінің, АІЖ-ның аллергиялық аурулары. Дәрі-дәрмектік аллергия.</p>
<p>МБП 03</p>	<p>Стационардағы балалардың клиникалық иммунологиясы мен аллергологиясы</p> <p>Балалардың теориялық және клиникалық иммунологиясының негіздері. Балаларға жүргізілген негізгі сандық және функционалды зертханалық иммунологиялық тесттердің нормативті көрсетілімдері. Белсенді иммунизацияның және балалардағы вакцинациядан кейінгі асқынулардың профилактикасының ұйымдастыру әдістемесінің негіздері. Инфекциялық аурулардың иммунопрофилактикасының мәні мен мақсаты, вакцинация процесі мен вакцинациядан кейінгі иммунитеттің сипаттамасы. Балалар ағзасындағы иммундық патологияның туындау себептері, олардың даму механизмі. Иммунитет тапшылықты күйлер мен аурулар. Иммунитет тапшылығы бар аурумен ауыратын науқастарды зертханалық тексеру әдістері. Балалардағы иммунитет тапшылықты күйлер мен аутоиммундық аурулардың этиологиясы, патогенезі, жіктемесі. Иммуноактивті препараттардың клиникалық фармакотерапиясы. Жас ерекшелігі әртүрлі балалардың Кеңірдек , асқазан-ішек жолының, терісінің аллергиялық ауруларының</p>

	<p>эпидемиологиясы, этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы және емдеу қағидаттары. Балалар алергологиясындағы шұғыл жағдайлар. Спецификалы және бейспецификалы иммунотерапияға арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер, әдістемесі және балаларға қолданғанда болуы мүмкін асқынулар.</p>
<p>МБП 04</p>	<p>Стационардағы ересектердің клиникалық иммунологиясы мен алергологиясы</p> <p>Иммунология және клиникалық иммунология негіздері. Клиникалық иммунология пропедевтикасы. Иммунитетті диагностикалаудың зертханалық әдістері. Иммундық тапшылығының этиологиясы, патогенезі, клиникалық пайда болуы. Бірінші және екінші реттік иммундық тапшылығы аурулары, диагностика. Пре- және манифестті ЖИТС-тің клиникалық пайда болу негіздері. Иммуно тапшылығы жағдайындағы иммунотерапия қағидаттары. Тыныс алу, асқазан-ішек жолдары, тері аллергиялық ауруларын емдеу қағидаттары және эпидемиологиясы, этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы. Аутоиммундық бұзылулар. Дәнекерлеуші тін ауруларының этиологиясы, иммунологиясы, морфологиясы, клиникасы, диагностикасы, саралау диагностикасы. Диагностикалаудың зертханалық әдістері. Ісік иммунологиясы. Иммунотерапия. Иммунология және иммунопатология трансплантациясы. Клиникалық фармакотерапия. Алергология негіздері. Клиникалық иммунология пропедевтикасы, аллергиялық аурулардың этиологиясы, патогенезі, жіктелуі, оларды саралап диагностикалау қағидаттары. Жоғары тыныс алу жолдары, құлақ, көру анализаторлары, тері, бронх-өкпе аппараты, асқазан-ішек жолдары және аллергиялық патологиясы бар басқа да ағза жүйелерін зерттеп тексерудің қағидаттары мен әдіснамасы. Пульмонология, гастроэнтерология, кардиология, оториноларингология, офтальмология және дерматология, оның ішінде аллергиялық патологияны диагностикалау және саралап диагностикалаудағы жалпы зертханалық, функционалдық, арнайы (ультрадыбыстық, эндоскопиялық және басқа) зерттеу әдістері. Алергологиядағы шұғыл жағдайлар. Иммунотерапияның өзіне тән және өзіне тән емес көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері, әдістемесі және мүмкін болатын асқынулар. Емдеуге жатқызу кезеңіндегі шұғыл аллергиялық жағдайлар. Интенсивті терапия және реанимация, аллергиялық аурулардың заманауи әдістері. Көз, тыныс жолдары, тері, АІЖ аллергиялық аурулары. Дәрілік аллергия.</p>

МБП 05

Әртүрлі жастағы амбулаториялық-емханалық
аллергология

ҚР қала және ауыл халқына күндізгі стационар мен үйіне барып көмек берудегі, соның ішіндегі шұғыл және жедел жәрдемді қоса алғанда, амбулаториялық-емханалық аллергиялық көмекті ұйымдастыру. Дәрігер-аллергологтың құқықтары мен міндеттері. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Амбулаториялық деңгейде зерттеудің жалпы зертханалық, функционалдық және арнайы әдістері. Аллергологиядағы ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл жағдайлар. Аллергиялық аурулардың емдеу хаттамасына сәйкес заманауи фармакотерапиясы. Аллергиялық аурулардың біріншілік және екінші реттік профилактикасы қағидаттары. Профилактикасы шараларының ауқымдылығын, сапасын және тиімділігін бағалау әдістері. Уақытша және тұрақты жұмысқа жарамсыздық сараптамасы. Диспансерлеу. Аллергиялық аурумен ауыратын науқастарға көрсетілетін амбулаториялық-клиникалық жәрдемнің сапасын бағалау критерийлері, бақылау қағидаттары. ҚР балаларға күндізгі стационар мен үйіне барып көмек беруді, соның ішіндегі шұғыл және жедел жәрдемді қоса алғанда амбулаториялық-емханалық аллергиялық көмекті ұйымдастыру. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Амбулаториялық деңгейде балалар аллергиясының функционалды және арнайы әдістерін, саралау диагностикасын, алгоритм диагностикасын зерттеу. Балалардың аллергиялық ауруларын хаттамаға сәйкес емдеудің заманауи қағидаттары. Аллергиялық аурулардың біріншілік және екіншілік профилактикасы қағидаттары. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі шұғыл аллергиялық жағдайлар. Аллергиялық аурумен ауыратын балалардың диспансеризациясы. Балалардағы спецификалы алерговакцинацияны өткізу әдістемесі. Емханадағы иммунопрофилактика . ҚР балаларды вакцинациялаудың күнтізбесі. Асқынулар және олардың профилактикасы. Түрлі аурулармен ауыратын балаларды вакцинациялау ерекшеліктері.

Амбулаториялық-емханалық ересектер
аллергологиясы

ҚР қала және ауыл халқына күндізгі стационар мен үйіне барып көмек берудегі, соның ішінде шұғыл және жедел жәрдемді қоса алғанда амбулаториялық-емханалық аллергиялық көмекті ұйымдастыру. Дәрігер-аллергологтың құқықтары мен міндеттері. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Амбулаториялық деңгейде зерттеудің жалпы зертханалық, функционалдық және арнайы әдістері. Аллергологиядағы ауруханаға дейінгі кезеңдегі

МБП 06	<p>шұғыл жағдайлар. Аллергиялық аурулардың емдеу хаттамасына сәйкес заманауи фармакотерапиясы. Аллергиялық аурулардың біріншілік және екіншілік профилактикасы қағидаттары. Профилактикасы шараларының ауқымдылығын, сапасын, тиімділігін бағалау әдістері. Уақытша және тұрақты жұмысқа жарамсыздық сараптамасы. Диспансерлеу. Аллергиялық аурумен ауыратын науқастарға көрсетілетін амбулаториялық-клиникалық жәрдемнің сапасын бағалау критерийлері, бақылау қағидаттары. ҚР балаларға күндізгі стационар мен үйіне барып көмек берудегі, соның ішіндегі шұғыл және жедел жәрдемді қоса алғанда амбулаториялық-емханалық аллергиялық көмекті ұйымдастыру. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Амбулаториялық деңгейде балалар аллергологиясының функционалды және арнайы әдістерін, саралау диагностикасын, алгоритм диагностикасын зерттеу. Балалардың аллергиялық ауруларын хаттамаға сәйкес емдеудің заманауи қағидаттары. Аллергиялық аурулардың біріншілік және екіншілік профилактикасы қағидаттары. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі шұғыл аллергиялық жағдайлар. Аллергиялық аурумен ауыратын балалардың диспансеризациясы.</p>
МБП 07	<p>Амбулаториялық-емханалық балалар аллергологиясы</p> <p>ҚР балаларға күндізгі стационар мен үйіне барып көмек берудегі, соның ішіндегі шұғыл және жедел жәрдемді қоса алғанда, амбулаториялық-емханалық аллергиялық көмекті ұйымдастыру. Балалар дәрігер-аллергологтың құқықтары мен міндеттері. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Амбулаториялық деңгейде зерттеудің жалпы зертханалық, функционалды және арнайы әдістері. Аллергологиядағы ауруханаға дейінгі кезеңдегі шұғыл жағдайлар. Балалардағы аллергиялық ауруларды хаттамасына сәйкес емдеудің заманауи фармакотерапиясы. Балалардағы аллергиялық аурулардың бірінші және екінші реттік профилактикасы қағидаттары. Профилактикасы шараларының ауқымдылығын, сапасын, тиімділігін бағалау әдістері. Диспансерлеу. Аллергиялық аурумен ауыратын науқастарға көрсетілетін амбулаториялық-клиникалық жәрдемнің сапасын бағалау критерийлері, бақылау қағидаттары.</p>
	<p>Дәлелді медицина мәселелері</p> <p>Дәлелді медицинаға кіріспе. Араласу түрлері. Зерттеулер түрлері. Зерттеу дизайны. Рандомизирленген бақылау- зерттеу. Алтын стандарт. Дәлелдеу дәрежесі бойынша ғылыми деректердің иерархиясы. Клиникалық мәселелерді тұжырымдау. Мәліметтер базасынан медициналық</p>

МБП 08	<p>ақпараттарды іздеу стратегиясы. Интернеттегі Medline (Медлайн), Cochrane (Кочрейн), PubMed (Пабмед) медициналық дерекқорлар. Жүйелі шолу. Мета-анализ. Дәлелді медицина негізіндегі медициналық ақпараттарды сыни бағалау. Әртүрлі типтегі зерттеулер үшін дәлелдеме кестелері. Дәлелдеме кестелері бойынша мақалаларды талқылау.</p>
МБП 09	<p>Аллергология мен иммунологиядағы оңалту мәселелері.</p> <p>Жиі және ұзақ уақыт бойы ауыратын балаларды оңалту мен иммунологиялық емнің ерекшеліктері. Герпесвирусты инфекция: иммунодиагностика, иммунотерапия, иммунооңалту мәселелері. Иммунооңалту және иммунопрофилактика. Әртүрлі генезді аллергиялық патологиясы бар науқастардың оңалтусы. Оңалтулық терапияға қарсы көрсетілімдер.</p>
МБП 10	<p>Психикалық-эмоциялық көмек мәселелері</p> <p>"Психикалық-эмоциялық және хосписті көмек" түсінігінің анықтамасы. Психикалық-эмоциялық көмектің пайда болуы және дамуы. ҚР-да Психикалық-эмоциялық көмек қызметі. Өмірге қауіпті және ерте өлімге алып келетін жағдайлардың жіктемесі. Психикалық-эмоциялық аллергиялық көмектің қағидаттары мен ерекшеліктері. Психикалық-эмоциялық медициналық көмек көрсетудің ұйымдастыру ережелері. Науқас пен оған қарайтын туыскандарына психологиялық қолдау. Науқас пен оның жақындарының ішкі жан дүниесінің қажеттіліктерін қанағаттандыру. Әртүрлі генезді аллергиялық патологиясы бар адамның ауруының ауыр ағымынан және өлуіне жақындауынан туындайтын әлеуметтік, заңдылық және әдеп мәселелерін шешу.</p>
МБП 11	<p>Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету алгоритмі</p> <p>Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминалды жағдайлардағы клиникалық диагностика негіздері. Науқастың, зардап шегушінің біріншілік және екіншілік бағалауы. Өмір тіршілігі қызметтердің бұзылыстарын диагностикалау. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер.</p>

	Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдістемесі. Трахея кеңірегінің интубациясы.
МБП 12	Инфекциялық бақылау. АИТВ инфекциясы Денсаулық сақтау нысандарындағы инфекциялық аурулардың пайда болуының және тарауының профилактикасына бағытталған ұйымдастырушылық, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесінің негізгі қағидаттары. Инфекциялық бақылауды ұйымдастыру комиссиясы. (бұдан әрі-ИКК). Ауруханаішілік инфекцияның эпидемиологиялық талдауы. (бұдан әрі АИ). АИ қоздырғыштары, антибиотикке тұрақты. Инфекциялық бақылауды микробиологиялық қамтамасыз ету. Дезинфекция, олардың түрлері және АИ профилактикасы шаралары. АИТВ инфекциясы бар науқастарға ауруханалық және емханалық көмек көрсетуді ұйымдастыру. АИТВ инфекциясының профилактикасы. АИТВ тестілеуге дейінгі және кейінгі консультация беру. АИТВ инфекциясының зертханалық диагностикасы. АИТВ инфекциясының клиникасы, салдарлық аурулары. АИТВ инфекциясын емдеудің негізгі қағидаттары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау

6. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пәндер атаулары және олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
БП	Бейінді Пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Аллергология және иммунология мәселілері, соның ішінде балалар аллергиясы және иммунологиясы
	Халықаралық бағдарламалар мен хаттамалар, дәлелді медицина негізінде, аллергиялық және иммунды аурулардың, соның ішінде балалар аллергиялық және иммунды ауруларының этиопатогенезі, клиникасы, диагностикасы мен сараптама диагностикасы, емдеу әдістері, профилактикасы және жедел жәрдем туралы заманауи мәліметтер. Емдеуге жатқызуға дейінгі және кейінгі көмек көрсетудің ерекшеліктері. Аллергиялық аурулардың біріншілік және екіншілік профилактикасы қағидаттары. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі шұғыл аллергиялық жағдайлар. Аллергиялық аурулары бар балаларды диспансерлеу. Балалардың арнайы алерговакцинациясын жүргізу әдістемесі. Емханадағы

	иммунопрофилактика. ҚР балаларды вакцинациялау күнтізбесі. Асқынулар және олардың профилактикасы. Түрлі аурулармен ауыратын балаларды вакцинациялау ерекшеліктері.
МБП 02	Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету жағдайларының алгоритмі
	Базалық реанимация – Basis Life Support (Бәсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминальді жағдайындағы клиникалық диагностика негіздері. Науқасты, зардап шегушіні біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі функцияларының бұзылуының диагностикасы. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдістемесі. Трахея кеңірдегінің интубациясы.
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
	Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
ТБП	Таңдау бойынша компоненті
ҚБ	Қорытынды бақылау

7. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (жоғарғы және бірінші санаттар үшін)

Пәндер атаулары және олардың негізгі бөлімдері	Аллергология және иммунологиядағы инновациялық технологиялар
Аллергиялық аурулардың диагностикалау және емдеу әдістерінің инновациялық технологиялары. Аллергиясы мен псевдоаллергиялық реакциясы бар науқастардың гистаминмен дозаланған	

иммунотерапиясы. Иммуно тапшылығын емдеу және молекулалық диагностика. Өзекті вирустық аурулар маркерлерінің ДНК-диагностикасы.

Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету жағдайларының алгоритмі

Базалық реанимация – Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминальді жағдайындағы клиникалық диагностика негіздері. Науқасты, зардап шегушіні біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі функцияларының бұзылуының диагностикасы. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдістемесі. Трахея кеңірдегінің интубациясы.

Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар

Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі, Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.

Қорытынды бақылау

8. "Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (екінші санат үшін)

Пәндер атаулары және олардың негізгі бөлімдері	Күнделікті практикадағы аллергиялық ауруларды емдеу мен диагностикалаудың заманауи әдістері
Аллергиялық аурулардың бірінші және екінші реттік профилактикасы әдістері. Гипоаллергенді диета– тағамдық аллергиялардың профилактикасы ретінде. Аллергиялық аурулардың диагностика мен емінің жаңа технологиялық әдістері.	

Аллергенспецификалық IgE анықтамасы, иммуноферментті талдама, аллергосорбентті тест, РАСТ. Цитокиндік мәртебесін зерттеу. Алған көрсетілімдердің интерпретациясы. Спецификалық иммунитет көрсетілімдерін зерттеудің қажеттілігі. Иммунокомпетентті жасушалардың сапалы көрсетілімдерін зерттеу. Иммунологиялық тесттерді жүргізуге көрсетілімдер. Аллергиялық аурулардың симптомдық емі. Аллергиялық аурулардың спецификалық және бейспецификалық иммунотерапиясы.

Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету жағдайларының алгоритмі

Базалық реанимация – Basis Life Support (Бәсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминальді жағдайындағы клиникалық диагностика негіздері. Науқасты, зардап шегушіні біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі функцияларының бұзылуының диагностикасы. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибрилляциясының әдістемесі. Трахея кеңірдегінің интубациясы.

Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар

Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі. Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.

Қорытынды бақылау

Қолданылған қысқартулар:

НП – негізгі пәндер;

МНП – міндетті негізгі пәндер;

БП – бейінді пәндер;
 МБП – міндетті бейінді пәндер;
 ТБП – таңдау бойынша бейінді пәндер;
 ҚБ – қорытынды бақылау.

Медицина және фармацевтика
 кадрларының біліктілігін
 арттыру мен қайта даярлаудың
 үлгілік бағдарламасына
 7-қосымша

"Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, негізгі мамандық бейіні бойынша ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының үлгілік оқу жоспары мен мазмұны

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.10.2018 № ҚР ДСМ-26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша қайта даярлаудың үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі *	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі * *	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер	54/1		
МНП 01	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық	9		Сынақ
МНП 02	Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері	9		Сынақ
МНП 03	Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	27		Сынақ
МНП 04	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау (апаттар медицинасы мәселелерін қоса алғанда)	9		Сынақ
БП	Бейінді пәндер	810/15		
МБП	Міндетті компонент	432/8	432/8	

МБП 01	Стационардағы гастроэнтерология	108	162, соның ішінде қорытынды бақылау сағаттары	Сынақ
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық гастроэнтерология	108	54	Сынақ
МБП 03	Гастроэнтерологиядағы сәулелік және эндоскопиялық зерттеу әдістері	54	108	Сынақ
МБП 04	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері	54	54	Сынақ
МБП 05	Дәлелді медицинаның мәселелері	18		Сынақ
МБП 06	Гастроэнтерологиядағы оңалту мәселелері	63	54	Сынақ
МБП 07	Инфекциялық бақылау. Адам иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі - АИТВ-инфекциясы)	27		Сынақ
ТБП	Таңдау бойынша компонент	378/7		Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	6 (ТБП-ден)	6	Емтихан
	Барлығы	864/16	432/8	

Ескертулер:

* Гастроэнтерология бойынша қайта даярлықтан өтпеген мамандар үшін;

** Балалар гастроэнтерологиясы бойынша қайта даярлықтан өткен мамандар үшін.

2. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілік арттыру циклінің үлгілік оқу жоспары

Пән коды	Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
НП	Негізгі пәндер				18/½	
	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау (

МНП 01	салауатты өмір салтын қалыптастыру, апаттар медицинасы мәселелерін қоса алғанда)				9	Сынақ
МНП 02	Денсаулық сақтау саласындағы құқықтық реттеу. Медициналық құқық				9	Сынақ
БП	Бейінді пәндер	54/1	108/2	162/3	198/3 ² / ₃	
МБП	Міндетті компонент				90/1 ² / ₃	
МБП 01	Гастроэнтерологияның өзекті мәселелері				63	Сынақ
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері				18	Сынақ
МБП 03	Медициналық этика және коммуникативті дағдылар				9	
ТБП	Таңдау бойынша компонент	54/1	108/2	162/3	108/2	Сынақ
ҚБ	Қорытынды бақылау	2(ТБП-ден)	2(ТБП-ден)	2(ТБП-ден)	6 (ТБП-ден)	Емтихан
	Барлығы	54/1	108/2	162/3	216/4	

3. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (жоғарғы және бірінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Гастроэнтерологиядағы инновациялық технологиялар	90*	
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері	9	
Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	9	

Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

4. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша Сертификаттау циклінің біліктілікті арттыруға арналған үлгілік оқу жоспары (екінші санатты)

Пән атауы	Оқу жүктемесінің сағат (апта) көлемі	Бақылау нысаны
Күнделікті клиникалық практикада кездесетін асқорыту жүйелері ауруларының профилактикасы, диагностикалау және емдеу	90*	
Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері	9	
Медициналық этика және коммуникативті дағдылар	9	
Қорытынды бақылау	2	Емтихан
Барлығы	108/2	

Ескерту: * соның ішінде қорытынды бақылау сағаты

5. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша қайта даярлаудың оқу бағдарламасының мазмұны

Пән коды	Пәндер атауы, олардың негізгі бөлімдері
НП	Негізгі пәндер
МНП	Міндетті компонент
МБП	Пән атауы, негізгі бөлімдер
МБП 01	Стационардағы гастроэнтерология
	<p>ҚР балаларға гастроэнтерологиялық және гепатологиялық қызметті ұйымдастыру. Гастроэнтерологиядағы әлеуметтік-экономикалық аспектілер. Қалыпты және патологиялық анатомия, асқорыту жүйелерінің физиологиясы. Асқазан-ішек жолдарын клиникалық және зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері. Гастроэнтерологиялық практикада гендерлік, жасы мен ұлттық ерекшеліктерін, аурулар мен шекаралық жағдайларды ескерумен этиология, патогенез, классификация, клиникалық симптоматика, сараланған диагностика туралы заманауи түсінік. Асқазан-ішек жолдары, гепато-билиарлық жүйе ауруларын емдеудің жалпы қағидаттары мен әдістері. Гастроэнтерологиядағы дәрі-дәрмексіз емдеу әдісі. Аурулардың тиімді фармакотерапиясы, асқорыту жүйесі аурулары кезіндегі нутрициология негізі.</p>

	Гастроэнтерологиядағы және гепатологиядағы аз инвазивті (интервенциялық) және хирургиялық араласулар.
МБП 02	Амбулаториялық-емханалық гастроэнтерология
	ҚР тұрғындарына амбулаторлық-емханалық гастроэнтерологиялық көмекті ұйымдастыру. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Емдеуге жатқызғанға дейінгі кезеңде асқорыту жүйесі ауруларын диагностикалау, сараланған диагностикалау. Амбулаториялық-емханалық жағдайларда асқазан-ішек жолдары ауруларын дәрі-дәрмексіз және дәрі-дәрмекпен емдеу. Асқорыту жүйесі аурулары кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық, медициналық-әлеуметтік және әскери-дәрігерлік сараптамасы. Асқазан-ішек жолдары және гепато-билиарлық аймағының ауруларын диспансерлеу және қайталама профилактиканың тиімді нысандары.
МБП 03	Гастроэнтерологиядағы зерттеудің сәулелік және эндоскопиялық әдістері
	Гастроэнтерологиядағы және гепатологиядағы функционалдық және эндоскопиялық диагностиканы зерттеу көлемінің стандарттары. Асқорыту жүйесі, іш қуысын зерттеудің функционалдық әдістері және классификациясы, ақпаратты алу негіздері және әдістерді іске асырудың тәсілдері. Диагностиканың функционалдық әдістерін өткізуге арналған көрсетілімдер, қарсы көрсетілімдер. Гепато-билиарлық аймақ, бауыр тамырлары, көкбауыр, құрсақ қуысы патологияларында функционалдық диагностика. Балалар гастроэнтерологиясындағы функционалдық диагностиканы зерттеу көлемінің стандарттары. Түрлі жастағы балаларда функционалдық диагностиканы жүргізу үшін берілетін көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдер. Гастроэнтерологиядағы диагностикалау мен емдеудің эндоскопиялық әдістері. Көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Заманауи классификация және минималдық стандартты терминология. Балалар жасындағы диагностиканың эндоскопиялық әдістері.
МБП 04	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
	Базалық реанимация - Basis Life Support (Бәсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминальді

	<p>жағдайындағы клиникалық диагностика негіздері. Науқасты, зардап шегушіні біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі функцияларының бұзылуының диагностикасы. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдістемесі. Трахея кеңірдегінің интубациясы.Гастроэнтерологиядағы Кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету. ҚР гастроэнтерологиялық аурулармен, оның ішінде балалар гастроэнтерологиясымен ауыратындарға жедел және Кезек күттірмейтін медициналық көмекті ұйымдастыру. Ересектер мен балаларға шұғыл гастроэнтерологиялық көмекті көрсету қағидаттарының негіздері. Гастроэнтерология, гепатология (ересектер, балалар) жағдайында дәрігерге дейінгі көмекті көрсету. Гастроэнтерологияда (ересек, балалар), интервенциялық шұғыл жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек, білікті жедел медициналық көмек, мамандандырылған жедел медициналық көмек көрсету.</p>
МБП 05	Гастроэнтерологиядағы дәлелді медицина мәселелері
	<p>Дәлелді медицинаға кіріспе. Араласулар түрлері. Зерттеулер түрлері. Зерттеу дизайны. Рандомизирленген бақылау- зерттеу(РБЗ). Дәлелденуі деңгейі бойынша ғылыми мәліметтердің иерархиясы. Клиникалық мәселелерді құру. Мәліметтер базасында медициналық акпаратты іздеудің стратегиясы. Интернеттегі Medline (Медлайн), Cochrane (Кочрейн), PubMed (Пабмед) медициналық мәліметтер базасы бар. Жүйелі шолу. Мета-анализ. ДМ негізінде медициналық арпаратты сыни бағалау. Түрлі зерттеулердің түрлері үшін дәлелдеу кестесі. Дәлелдеу кестесі бойынша мақалаларды талдау.</p>
МБП 06	Гастроэнтерологиядағы оңалту мәселелері
	<p>Гастроэнтерологиядағы оңалтудың жалпы аспектілері. Оңалту түрлері. Асқорыту жүйесі ауруларымен ауыратындарды оңалтудың кезендік жүйесінің негізгі қағидаттары. Кешенді гастроэнтерологиялық және гепатологиялық оңалту, асқорыту жүйелері ауруларында оңалту бағдарламалары. Стационарлық және амбулаторлық-емханалық кезеңдердегі гастроэнтерологиялық бейіндегі науқастарды оңалту үрдісін ұйымдастыру.</p>
МБП 07	Инфекциялық бақылау. АИТВ-инфекциясы
	<p>Денсаулық сақтау нысандарындағы инфекциялық аурулардың пайда болуының және тарауының профилактикасына бағытталған</p>

	<p>ұйымдастырушылық, профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесінің негізгі қағидаттары (одан әрі ИБК). АИИ эпидемиологиялық талдау. АИИ қоздырғыштары, антибиотикке резистенттілік. Инфекциялық бақылауды микробиологиялық қамтамасыз ету. Дезинфекция, оның түрлері және АИИ профилактикасы міндеттері. АИТВ-инфекциясы бар науқастарға стационарлық және амбулаторлық көмек көрсетуді ұйымдастыру. АИТВ-инфекциясының профилактикасы. АИТВ тестілеуге дейінгі және кейінгі консультация беру. АИТВ-инфекциясының зертханалық диагностикасы. АИТВ-инфекциясының клиникасы, салдарлы аурулары. АИТВ-инфекциясын емдеудің негізгі қағидаттары.</p>
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау
	Барлығы

6. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттыру циклдарының білім бағдарламасының мазмұны

БП	Бейінді пәндер
МБП	Міндетті компонент
МБП 01	Гастроэнтерологиядағы өзекті мәселелері
	<p>Ас қорыту жүйесі ауруларын диагностикалау мен емдеудің инновациялық-технологиялық әдістерін қоса алғанда, өзекті халықаралық және ұлттық ұсынымдарға негізделген асқазан-ішек жолдары ауруларын, оның ішінде балалар жасындағы асқазан-ішек жолдары ауруларын этиология, патогенез, клиникасы, диагностикасы және саралау диагностика жүргізудің, емдеудің әдістері, профилактикасы және жедел көмек көрсету.</p>
МБП 02	Шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері
	<p>Базалық реанимация - Basis Life Support (Бэсик Лайф Саппот). Кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (Advanced Cardiac Life Support (Адвенсед Кардиа Лайф Саппот). Педиатриядағы кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы Pediatric Advanced Life Support (Педиатрик Кардиа Лайф Саппот). 2010 жылғы реанимация бойынша Еуропалық кеңестің ұсыныстары. Терминальді жағдайындағы клиникалық диагностика негіздері. Наукасты, зардап шегушіні біріншілік және екіншілік бағалау. Өмір тіршілігі функцияларының бұзылуының диагностикасы. ЖӨР-сын өткізуге арналған көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер. Жүректің жабық массажы. Сафар тәсілі. Жүрек дефибриляциясының әдістемесі. Трахея кеңірдегінің интубациясы.</p>

МБП 03	Медициналық этика және коммуникативтік дағдылар
	Дәрігердің коммуникативтік құзыреттілігі: негізгі бөліктері, медициналық қызмет сапасына әсер етуі. Медициналық этика және деонтология мәселелері. Пациентке бағдарланған консультацияның негізгі дағдылары, стратегиялары мен техникасы (байланыс орнату, сұхбатты басқару, белсенді тыңдау, пациенттің көзқарасын анықтау және бөлісу, пікір білдіру, ақпарат беру және бірлесе шешім қабылдау, қолдау көрсету жоспарын құру, жинақтау және кері байланыс жасау). Шиеленсті жағдайдағы мінез-құлық стратегиясы. Медицинадағы командалық жұмыстың негізгі дағдылары: көшбасшылық, коммуникация, өзара қолдау көрсету, жағдайды қадағалау. Медициналық командадағы өзара тиімді әрекет ету құралдары мен стратегиялары.
ТБП	Таңдау бойынша компонент
ҚБ	Қорытынды бақылау
	Барлығы

7. "Гастроэнтерология (негізгі мамандық бейіні бойынша эндоскопия, ультрадыбыстық диагностика) (ересектер)" мамандығы бойынша біліктілікті арттырудың сертификаттау циклінің оқу бағдарламасының мазмұны (жоғарғы және бірінші санат үшін)

Пәндер атауы, олардың негізгі бөлімдері
Гастроэнтерологиядағы инновациялық технологиялар
Асқазан-ішек жолдары ауруларында жоғары технологиялық медициналық көмекті ұйымдастыру: профилактикасының инновациялық бағдарламалары, инвазивтік емес және инвазивтік диагностиканың заманауи әдістері, эндоскопиялық диагностикалау мен емдеудің, сәулелік диагностиканың жаңа технологиялары, асқазан-ішек жолдары ауруларының, оның ішінде балалар жасындағыларды дәрі-дәрмекпен емдеудің және аз инвазивті емдеудің өзекті әдістері. Дәрігер-гастроэнтерологтың регламенттеуші нормативтік құқықтық актілер.
